



КОНКУРС «Астана и Президент»

Хамзина Жұлдыз,

Қостанай политехникалық колледжі

Астана - ақ тілек пен ақ ниеттің тоғысқан киелі мекені,
ата- бабамыздың орындалған арайлы арманы!

Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласы. Егемен Қазақстанның Елордасын Алматыдан Астанаға көшірген кезден бастап екі жыл ішінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астана муниципалитеті ғылымының, мәдениетінің және білім берудің орталығы ретіндегі мемлекеттің жаңа Елордасының қалыптасуы мен салынуына зор күш-жігер жұмсады. Астана жас мемлекет - Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жарқын нышанына айналды.

Айбыны асқақ Астана жер шарына қазақ елінің қайтпас қаһармандығын дәлелдеді. Өр рухты, көркем келбетті, өнегелі мәдениетті еңселі Елордасымен өркениет әлеміне өзіндік байсалды бағыты бар демократиялық мемлекет екендігін паш етті. Жас Астанамыздың көрікті келбетіне бағдарлай қарап отырған адамға аз уақыт ішінде істелген іс ұланғайыр болып көрінеді.

Мемориалдың қабырғасына қола әріптермен жазылған: «Біз алтын күн бедерленген көк байрағын әлем биіктерінде желбіреткен бейбітшіл елдің азаматымыз», - деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі, еліміздің қарқынды дамуы мен мамыражай тірлігінен, бақытты тұрмысынан хабар бергендей. Тәңірі сыйлаған тәуелсіздігімен терең тебіреніске жетелеп, көкке көтерілген тәуелсіз елдің көк жалауы Қазақстанның биікке самғаған заңғар мәртебесін әлемге әйгіледі. Көк тудың астында көкірегіне шаттық ұялап, кеудесінде рух оянып, рухани жігер алған халқымыз «Жасасын, Қазақстан!», «Жасасын, Астана!», «Жасасын, Нұрсұлтан!» деп, қуанышын қойнына сыйғыза алмайды.

Әрбір қазақ өз елінің орны бөлек ордасы - әсем Астанасының гүлденгеніне шаттанады. Соңғы бірер жылдың көлемінде Астанада көркі көз тойдыратын үлкен, әдемі үйлер, «Океанариум», Дарын

[Введите текст]

орталығы, «Салтанат сарайы», Астана әуежайы, Елбасының резиденциясы-Ақорда, Астананың, Қазақстанның ерекшелігі «Бәйтерек» сияқты керемет құрылыс нысандары бой көтеріп, ел игілігіне берілген. Көк аспанның көркіне көрік қосқан әсем ғимараттар бірінен- бірі асып, бірін- бірі толықтырып, бірін- бірі нұрландыра түседі. Ерен еңбектің тамшыдайын мөлдіреген тамаша туындысы жан дүниеге жаңалық болып еніп, қан жүрегіңе іңкәрлік ұялатып, өн бойыңа жылылық таратады. Ақ тілекті ару Астананың қазіргі гауһартастай түр- тұлғасын астаналық тұрғындар мақтан тұтады.

Астана қаласының аса көрікті ғимараттарының бірі болып саналатын Елбасының бұрынғы резиденциясында 2005 жылы 4 шілде күні Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің мұражайы өз жұмысын бастады.

Бірегей жиһаздары мен бүтін бір кешенді құрастыратын ішкі көрінісі сол қалпында сақталған. Мұражай экспозициясының алғашқы залы ұлан- байтақ қазақ жерінің картасы мен қазақ елінің тұңғыш Президентінің Ант қабылдау салтанатын бастаған.

Қазақстан Республикасы Президенттік мәдени орталығының Мұражайы-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен бас қаламыз Астананың мәдени және рухани бейнесін арттыруға, Қазақстан халқының тарихи байлықтары, әлемдік мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктерін қоғамға кеңінен таныстыру мақсатында құрылған болатын. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұражайы және Сәкен Сейфуллин атындағы республикалық көпшілік кітапхананы біріктіру арқылы дүниеге келген аталмыш мекеме Қазақстан халқының дәстүрлік мәдени және рухани мұрасымен ұқыпты жинақталып, тарихы тамыры тереңнен тағылым берген үлкен кешен.

Бүгінгі Астана тек сәулетінде сән тұнған әсем ғимараттарымен ғана емес, ынтымағы жарасқан, еңбексүйгіш, қонақжай, ажарлы халқымен де көрікті. Қазақстан Республикасының Президенті «Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену» жолдауында айтып кеткендей, шағын және орта бизнес- елдің экономикалық әулетінің негізі. Сондықтан Қазақстан Республикасының Үкіметінің саясаты негізі және басым мақсат- қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін, жалпы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайларын жасауға бағытталуы керек.

Астана қаласын дамытудың әрбір қадамы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен, қадағалауымен жасалып отыр. «Астана- менің перзентім» деген сөзді Президентіміздің аузынан жиі естиміз. Соған иланамыз. Өйткені,

[Введите текст]

он жыл ішіндегі мың бір мысал көз алдымызда. Ал тағы он жылдан кейін Астана- бүкіл әлемнің армандаған қаласы болатына шын жүректен сенемін!